

**«Каменка ауылының жалпы орта білім мектебінде» КММ
психология онкүндігін өткізу туралы есеп
2025–2026 оқу жылы**

Оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес 2025 жылғы 8–12 желтоқсан аралығында «Каменка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде»

«Біз біргеміз: табыс, денсаулық және әл-ауқат психологиясы» ұранымен психология онкүндігі өткізілді. Мақсаты: білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, өзін-өзі тану, тиімді қарым-қатынас жасау және стреске төзімділік дағдыларын дамыту. 8 желтоқсан күні тақырыптық стендте оқушылар онкүндіктің жоспарымен және негізгі іс-шаралармен танысты. Жоспарланған барлық іс-шаралар қызықты формада өтіп, онкүндік тақырыбына толық сай болды. Іс-шаралар оқушыларды оқу үдерісінен аландатпай, керісінше, қолайлы психологиялық көңіл-күй мен жағымды мотивацияның қалыптасуына ықпал етті. 5-сынып оқушыларымен педагог-психолог «Біз біргеміз» атты тренинг өткізді.

(<https://www.instagram.com/p/DSB-yBeDFpv/?igsh=MTM2eW5teWtjZjBjcg==>), тренинг барысында оқушылар түрлі ойындар ойнап, топта жұмыс жасап, бір-бірімен достық қарым-қатынас орнатуды үйренді. Ал педагог-кәсіптік бағдар беруші 6-сынып оқушыларымен «Мен мамандықтар әлеміндемін» атты ойын өткізді.

(<https://www.instagram.com/reel/DSJzuLXDMVu/?igsh=cjkwOTBpYWtvOTU2>), ойын барысында оқушылар қазіргі заманғы және сұранысқа ие мамандықтар әлеміне еніп, тәжірибе алды. 9 желтоқсан күні күн дәстүрлі «Мен кімін, сүйікті ісім» деген танысу ойынымен басталды.

(<https://www.instagram.com/reel/DSByq5hgil3/?igsh=Y2d5Y2xodW82bG90>)

Ал 1–4 сынып оқушыларымен педагог-психолог «Екі қолмен сурет салу» атты нейро-практикум өткізді.»

(<https://www.instagram.com/p/DSCmdBSDKSB/?igsh=MTMxZnQyeTdibm5waA==>), Нейро-практикум барысында оқушылар екі қолымен бір уақытта сурет салып, бұл ми бөліктерінің өзара әрекеттесуін дамытып, жаңа нейрондық байланыстардың түзілуіне ықпал етті.

10 желтоқсан күні үлкен сынып оқушыларына өзін-өзі реттеу әдістерін қолдану және стресспен күресу бойынша практикалық ұсыныстар берілді.

(<https://www.instagram.com/p/DSEzUy5DLMY/?igsh=MThpeDV4YTJmbXRwbw==>)

11 желтоқсан күні 8–11 сынып оқушыларымен «Темекі шегудің зияны» тақырыбында әңгіме өткізілді.

(<https://www.instagram.com/p/DSHY0ChjITT/?igsh=aDlmOXF0anNsdHBm>), Әңгіме барысында оқушылар тек темекі ғана емес, сонымен қатар никотинді жеткізетін электрондық құрылғыларды қолданудың салдары туралы да ақпарат алды.

12 желтоқсан күні мектептің кәсіптік бағдар беру маманы 7-сынып оқушыларымен «Кәдімгі өмірдегі суперқаһармандар: Әлемді құтқаратын мамандықтар» атты әңгіме өткізді.

(<https://www.instagram.com/reel/DSCKYBOjDEV/?igsh=YXZuaDFndWR1Zzhy>),

Психология апталығының кульминациясы – ата-анылар мен педагогтар арасында өткізілген зорлық-зомбылықтың алдын алу тренингі болды. Қатысушылар әртүрлі жаттығулар орындап, «Эксперимент» жүргізіп, сөйлемдерді жалғастырды. Соңында

олар мына қорытындыға келді: балалар бізді тыңдамайды, олар бізге қарап, біздің іс-әрекетімізді қабылдайды.

(<https://www.instagram.com/p/DSKjePBDAEF/?igsh=MXdiMzV4cnAhamJzbA==>)

Он күндік жоспары толықтай жүзеге асырылды.

Педагог-психолог:  А.ГЛОТОВ